Тыңдалды:Мектебімізде 8-сынып оқушыларының қатысуымен «Біз әлемді өзгертеміз»атты іс-шара кең ауқымды өтті.Әлеуметтік педагог УмираховаБ аталған тақырып аясында жесе жаздырды.Сұрақ жауап психологиялық тренинг өтті.Оқушылар еркін ойларын ашық айтып қағазға түсіре білді.Мектепшілік іріктеуде Шералы Есімхан,Асқар Даниял,Есенді Акбота,Дінікүл Дияна,Алдиярова Шұғла іздене отырып,жаңа мағлұматтар жаза білген.Оқушылардың танымдық ізденпаздығына,рухани интеллектуалдық шеберлікке бейімдейтін іс-шара екенін аңғарылды.Сонымен қатар,аталған оқушылар мектепшілік сыйлықтарға,марапаттарға ұсынылды. Ұсыныстар болған жоқ.

Қаулы етілді:Умирахова Б «Біз әлемді өзгертеміз»атты тақырып аясында атқарылған жұмыстары қанағаттандырады деп табылсын.

Кенес төрайымы:



Атылбекова З.

Хатшы:



Сейтбекова М.

B-connection.





№26 «Келес» жалпы орта мектебі 11-сыныптар арасында

эссе байқауы өткізілді.

Мәлімет,

Өткізілген күні: 15.11.2021

Ата-анамен бала арасында этика эстетика, оқушы мен мұғалім арасында этика эстетика тақырыпта эссе жаздырылды.

Мақсаты:Этиканың тәрбиенің мақсаты оқушының бойында көркем-этикалық мәдениетті қалыптастыру. Тәрбие отбасынан басталады дегендей балаға имандылық, инабаттылық, ар ождан уағызы, қоршаған орта, ананың сөзі-ақылдың көзі деп қарау. Атаның өнегелі ісін мұра тұту, оның жолын қуу. Ананың алдні әженің бесік жыры бәрі тәрбиенің тағлымдары. Этикалық тәрбие беру ұлттық өнердің орны ерекше. Мұғаліммен оқушы арасындағы этика эстетика ынтымақты, сыйластықты қарым-қатынасты білдіре отырып өз ойларын ашық айтып қағаз бетіне түсіре білді. Он бірінші сынып оқушысы Есенқұл Ырысдаулет өз ойын ашық айтып алдағы өсіп келе жатқан іні бауырларына үлкенге құрмет кішіге іззет білдіруді айтып өтті.





Қазақстан Республикасының Ғылым және Білім министрілігі
Түркістан облысы Келес ауданы
№26 «Келес» жалпы орта мектебі.

«Дәстүр мен ғұрып» арнайы іс-шара

Әлеуметтік педагог: Умирзахова Б.

2020-2021оқу жылы

«Дәстүр мен ғұрып» арнайы жобасының тұжырымдамасы

Өзектілігі.

Ұлттық бірегейлікті сақтауда қанымызға сіңіп, тұрмысымызға айналған салт-дәстүрдің маңызы жоғары. Рухани құндылықтардың ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, сабақтасуы мәңгілік ел болудың негізгі өлшегі. Сондықтан, ұлттық бірегейлікті сақтау жолында дәстүр мен ғұрымызды, ұлттық асханамыз бен тағамдарымызды жүйелі жаңғырту керек.

Әсіресе, ақпарат пен сан түрлі мәдениет тоғысқан жаһандану заманында ұлттық код пен рухты бекем ұстайтын салт-дәстүр мен әдет ғұрып. Осы ретте, «Дәстүр мен ғұрып» арнайы жобасын енгізіп, рухани мұрамызды түгендеп, жаңғыртып, озығын саралаудың өзектілігі жоғары.

Қазақ салт-дәстүр, әдет ғұрыпқа, ұлттық ас мәзіріне бай халық және әрбір ұлттық дәстүрдің тәрбиелік мәні мен маңызы терең. Ұлтымыздың салт-дәстүрлері ұрпақты өнеге мен білімге, елжандылыққа, ізгілікке, бауырмалдық пен өнегеге шақырумен құнды.

Сондықтан, арнайы жоба аясында қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын кеңінен дәріптеп, ұмыт болғанын жаңғыртып, заман көшіне сай ұлықтап, өскелең ұрпақты сол арқылы тәрбиелеу жолға қойылу керек. Сондай-ақ, ұлттық тағамдарымыздың құндылығын арттырудың да өзектілігі жоғары.

Жобаның мақсаты көнеріп, қолданыс аясы тарылған дәстүр мен ғұрыптан бас тартып, ұмыт болғанын жаңғыртып, тәрбиелік және адамгершілік құндылығы жоғары салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды заманға сай түрлендіру. Және, қазақтың ұлттық асханасының ерекшелігі мен құндылықтарын кеңінен дәріптеу.

Бұл мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді орындау қажет:

1. Ұлттық рухты, патриотизмді, тәлім-тәрбиені дәріптейтін қазақтың салт-дәстүрлерін жаңғырту;
2. Жалпыхалықтық рухани құндылықтарды күшейту;
3. Халықты салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты сақтаудың маңыздылығымен ақпараттандырып, ұлттық құндылықтарға деген сезімді арттыру;
4. Жас ұрпаққа ұлттық құндылықтармен қазақ асханасының пайдасын дәріптеу.

Арнайы жобаның мақсатты аудиториясы (халық санаты).

Қазақстан халқы, жалпы білім беру мектептерінің оқушылары, ЖОО студенттері, экономикалық белсенді топ (оқырмандар, тыңдармандар, қызметкерлер т.б.)

Стратегиялық серіктестер:

Арнайы жобаның аясында жергілікті атқарушы органдар мен білім беру мекемелері, мәдениет ошақтары, БАҚ, ҚЖ-тар, ҰЕҰ-дар, кәсіпкерлер мен тұлғалық даму орталықтары өзара серіктестік құрады.

1. Арнайы жобаны іске асыру тетіктері:

2. Ақпараттық жұмыстар:

- БАҚ көздерінде салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа қатысты іс-шараларды кеңінен насихаттау жұмыстарын жүргізу. Салт-дәстүрмен көрініс беретін заманауи бейнероликтер, подкасттар, әлеуметтік желіде челленждер, мақалалар мен танымдық посттарды жүйелі жариялау;
- Республикалық өмірлік телеарналардан, радиолардан дәстүр мен ғұрып, ұлттық тағамдарды насихаттайтын деректі фильмдер, ток-шоулар, мәдени бағдарламалар, арнайы айдарлар енгізіп, «Қазақтың 100 салт-дәстүрі», «Қазақтың 100 ұлттық тағамы» сынды бағдарламалар әзірлеу;
- Жас ұрпақтың санасын қалыптастыруда балаларға арналған салт-дәстүрлі таныту танымдық мультфильмдер, анимациялық фильмдер мен бағдарламаларын шығару;
- Республикалық және жергілікті басылымдарда, газет-журналдардың бір бетін жүйелі түрде салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарға арнау;
- «Ruh.kz» порталын арнайы жобаның негізгі ақпарат алаңы ретінде қолдану;
- Әлеуметтік желіде салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық тағамдарға қатысты заманауи, жастардың нақышында вирустық бейнероликтер тарату;
- Ұлттық тағамдардың мәзірі жазылған онлайн ас мәзірлерін көбейту.

3. NUDGE технологиясын қолдану арқылы насихаттау жұмыстары

- Әлеуметтік желі, билбордтарда мақал-мәтелдер арқылы ұлттық құндылықты ұтықтайтын месседждер тарату;
- Салт-дәстүр білгірлері, ұлттық құндылықты дәріптеп жүрген жанрды көпшілікке үлгі ретінде насихаттау;
- Ұлттық тағамдар даярлатын мейрамханалар, фут-корттар ашу;

4. Танымал блогерлер, желіде белсенді қоғам қайраткерлері, белгілі тұлғаларды насихаттау жұмыстарына тарту. Ұлттық құндылықтарды дәріптеп, салт-дәстүрді насихаттап жүрген жанрар арқылы халыққа дәріптеу жұмыстарын жүргізу. Тақырыптық бағытта жазатын блогерлер санын арттыру. Желіде ұлттық тағам мәзірлері бар парақшаларды көбейтіп, халыққа кеңінен насихаттау.

5. Мектеп бағдарламасына «Ұлттық дәстүр» факультативті сынып сағаттарын енгізуді қарастыру.

- Оқушылар мен студенттер арасында салт-дәстүрмен интеллектуалдық сайыстар, олимпиадалар өткізу. Олимпиадалар онлайн түрде өтсе де болады;
- Мектеп оқушыларына салт-дәстүрмен викториналық ойындар, танымдық тестілеулер өткізуді ұйымдастыру;
- Еңбекке баулу сабақтарында ұлттық тағамдармен танысып, даярлау жұмыстарын жүргізу.

6. Республиканың барлық өңірлерінде өтетін шаралар.

- Аймақтарда салт-дәстүрді сақтап, жетік білетін отбасылар арасында «Салт-дәстүр білгірі» отбасылық байқауларын ұйымдастыру. Сол арқылы, салт-дәстүрді насихаттап отырған Қазақстанның үздік отбасыларын анықтауға

болаты. Немесе «Мерейлі отбасы» байқауын салт-дәстүрге бағыттап, форматын өзгерту;

- Ұлттық руханиятта, түбі бір түркі халқының салт-сана, әдет-ғұрпын жіліктеп, өз заманындағы маңызын, құндылықтарын оқырманға жеткізуде қазақ әдебиетінің, қазақ тарихының заңғар жазушысы Мұхтар Мағлауиннің шығармаларының ролі жоғары. «Аласапыраннан» бастап «Шыңғыс ханға» дейінгі шығармалары тегіс қазақтың ұлттық салт-дәстүрімен қабысып жатыр. Жазушының мұрасын, студенттер мен оқушылар арасында кенінен насихаттау керек;

- Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды шығармаларына арқау еткен ұлт зиялыларымен кездесулер ұйымдастыру;

- Ғұрыптық фольклор бойынша бата, бесік жыры, жар-жар, жарамазан жырларының үлгілерін халық арасында кенінен тарату жұмыстарын жүргізу.

7. Мәдениет, өнер саласы.

- Ұлттық колөнер көрмелерін ұйымдастыру;

- Ұлттық киімдер сән апталығын өткізу;

- Жыраулар фестивальдерін ұйымдастыру;

- Ұлттық салт-дәстүрді насихаттайтын театрлық қойылымдарды өткізу;

- Ұлттық салт-дәстүрді жаңғыртып, қазақтың колданбалы, колөнерін әлемге танытып жүрген жас суретшілерді, зергерлерді, шеберлерді мемлекет тарапынан марапаттап, ынталандыру жұмыстарын жүргізу.

8. «Қазақ асханасының бірегей тағамдары» фестивалін ұйымдастыру, бесаспап аспасазшыларды қатыстыру арқылы «Өрметас», «Үлпершек», «Қарын бөртпе», «Бұжы», «Жаужүрек», «Қарын көмбе» т.б. ұмыт бола бастаған бірегей тағамдарды әзірлеу, 7

9. Ұмыт болған ежелгі тағамдарды қайта жаңғырту мақсатында арнайы «Сарқыт» тақырыбында гастро-тур ұйымдастыру.

10. Өңірлерде гастронмиялық туризмді дамытуға кәсіпкерлерді тарту және қолдау жұмыстарын жүргізу.

11. Салт-дәстүрлерге анықтама, ұлағатты сөздер, бата-тілектер, дәстүрлі тағамдардың рецептілері, ұлттық киім, ұлттық колөнер, зергерлік бұйымдар және т.б. салт-дәстүрлерден ақпарат беретін «Dastur» мобильді қосымшаларын ойлап табу.

Жоба администраторы: ҚР АҚДМ, ҚР МСМ, ҚҚДИ, ҚР БҒМ, ЖАО

12. Іске асыру индикаторлары:

- Республикалық және өңірлік БАҚ-та ақпараттық насихаттау шараларын өткізу;

- Танымал тұлғалар, қоғам қайраткерлері, блогерлерді насихат жұмыстарына тарту;

- Әлеуметтік желіде, танымал блогерлердің парақшалары мен пабликтерде роликтер, челленджер, посттар жариялау;

- Халықты толық жобаның жүзеге асу жұмыстарына тарту.

Күтілетін нәтижелер:

- Ұлттық рух, ғалым-тәрбиені дәріптейтін салт-дәстүрлер жаңғырады.
 - жас ұрпақтың адалықтың бойына әдет-ғұрыптар сіңеді.
 - Ұлттық бірегейлік қатыптысып, құндылықтармен халық өмірінен маңызы артады.
 - салт-дәстүрлі білетін, әдет-ғұрыптарды сақтаптын жас ұрпақ қатыпсады.
 - ұмыт болған бірегей ұлттық тағам түрлері жаңғырады.
 - гастрономиялық туризм қолға алынып, шетелдік туристер қазақ асханасының тарихына қанығады.
 - дәстүр арқылы халық тарихты танып, патриоттық рух артады.
-

1 «ҮЛГІЛІ ОҒА»





№26 «Кенес» жашы орта мектебін 9а 9 б –сынып оқушыларынан

ата-ана тарапымен баланы өткен жылылыстын

Хаттамасы.

Өткізген күні 15.10.2021ж

Қатысқандар: Ата-ана және сынып жетекшілер

Күн тәртібіне:

1.Мектептен оқушыларды себепсіз қалдырмауды шешу.

2.Ата-анамен сынып жетекші арасында қарым қатынасты нығайту.

Отбасындағы тәрбие, оқушылардың ішкі әлеуметтері, оқушылардың ата-анасына кеңестер. Бірінші сөз кезегі мектебіндегі әлеуметтік педагогы ата-аналар жиналысын ашып баяндама оқыды және отбасындағы тәрбие жайында видео ролық көрсетті.

Жиналыс балалардың тәлім тәрбиесі төңірегінде сөз өрбіді сабаққа оқушылар түгел қатысуын айтты және ата-аналарға балалардың себепсіз сабақтан алып қаламауы жайында сөз қозғалды. формамен келуін хабарлады.

Екінші мәселе бойынша Л.Дүрисенова мектеп психологы әр баланың талантын, дарынын құлқыны айтып өтті. Жасөспірім кезеңнен өтетін жан-жақты мінез құлықтар кездесетіні туралы кеңестер айтты.

Ұсыныстар: Ата-ана Ұсенова Күлпынай баласының мектепке келіп жүргендігі жайында пән мұғалімдердің жіті қадағалауын уақытын босқа өткізбей, сотқамен отырмай, тиімді пайдалануын сынып жетекшілеріне қадағалауын өз ұсынысын айтты 9-сынып жетекші Ш.Сейбібекова апайымыз қыздардың тәрбиесін қадағалауына тоқталды. Ұйымдастырушы педагог Б.Аманжолов балаларды кешкі мезгіл бей уақыт үйден шығармау, қадағалауын айтты.

Қаулы етті: Уақыттарын тиімді пайдаланып, оқушылардың сабаққа келіп кетуі сынып жетекшілер назарында болсын. Оқушылардың көңіл –нұй ахуалын анықтаудағы орындаған жұмыстар қанағаттанарлық, деп табылсын әрі қарай да дамыту жалғасын тапсын.

Кенес төрайымы:  **Алтынбекова З.**

Хатшы:  **Ш.Сейбібекова.**









Қазақстан Республикасының Ғылым және Білім министрлігі
Түркістан облысы Кеңес ауданы
№26 «Кеңес» жалпы орта мектебі.

Баяндама

ҚР заңы «Неке және отбасы туралы»

Әлеуметтік педагог: Ұмирахова Б.

2020-2021 оқу жылы

Зін ІІІ бөлімінен, 54 баптан тұрады.

Кіріспеде БҰҰ-ның негізгі принциптері және адам құқығына байланысты кейбір факторлар мен декларациялардың негізгі қағидалары атап өтіледі. Осы балалар өздерінің табиғи пәнісіне байланысты ерекше қамқорлық пен қорғауды қажет ететіндігі, жүзке басты қамқорлық пен жауапкершілік отбасы иелеріне жүктелетіндігі расталады. Сонымен-ақ, онда баланы туыстанған дейін және туылғаннан кейін құқықтық және басқалай қорғау қажеттігі, оның туған халқының мәдени құндылықтарын құрметтеу маңыздылығы және бала құқығын қорғау жолында халықаралық ынтымақтастықтың ролі мақұлданды.

Мектептегі әлеуметтік педагогтар оқы коммюнионын негізгі баптарына сүйене отырып, өз қызметтерін атқарады. Мысалы, білуге тиісті 2-бап – Дисциплинацияны, өткіз жұлдық-қамбылықты бастырмау; 3-бап – Баланың құқығын анықтайтын толық қамтамасыз ету; 9-бап – Ата-анадан ажырау; 12-бап – Баланың қолжарысы; 13-бап – Пікір айту еркіндігі; 14-бап – Ой, әр-намыс және дін бостандығы; 16-бап – Жеке өмір сүру құқығын сақтау; 19-бап – Асыра-пайдаушылық пен жаным ашымаушылықтың сақтау; 20-бап – Отбасынан айырылған баланы қорғау; 21-бап – Асырап алу; 22-бап – Босқан балалар; 23- бап – Мүгедек балалар; 25-бап – Қамқорлыққа алу жағдайындағы тұрақты тексеру; 26-бап – Әлеуметтік қамтамасыз ету; 27-бап – Өмір деңгейі; 28-бап – Білім алу; 31-бап – Демалыс; бұл уақыт және мәдени өмір; 37-бап – Азық-тамақ және бас бостандығынан айыру; 40-бап – Көмектеске тұрмаған занды ұшылықтарға қатысты сот үкімін қолдау.

ҚР Баланың құқықтары туралы Заңы

2002 жылдың 8 тамызында қабылданған, зін 10 тарау, 53 баптан тұрады.

Осы Заң балаларды қолмағары толымды өмірге даярдау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзаттық тәң құндылықтары негізінде оларды жамғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен адамзатқа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдылығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында көпшілік берілген негізгі құқықтары мен мүдделерін іске асыруға байланысты туындатын қатынастарды реттейді.

Осы Заң аясында мектепте әлеуметтік педагогтар жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, патриоттық тәрбиелеті балаларды және мүгедек балалардың құқықтарын қорғаушы болып табылады. Заңда көрсетілген негізгі талаптар мен құқықтар, міндеттер бойынша өз жұмысын бастылыққа ала отырып қызмет атқарды.

Әлеуметтік педагогтар білуі тиіс: 1-бап - Осы Заңда пайдаланатын негізгі ұғымдар; 4-бап – балалардың тәң құқықтылығы; 8-бап – Баланың денсаулық сақтауға құқығы; 10-бап – Баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға ұқығы; 12-бап – Баланың қажетті түрме деңгейіне құқығы; 13-бап – Баланың мүлкітік құқықтары; 14-бап - Баланың тұрғын үйге құқығы; 15-бап – Баланың білім алуға құқығы; 16-бап – Баланың мемлекеттік көмекке құқығы; 19-бап – Баланың демалуға және бос уақытын пайдалануға құқығы.

4-тарау. Бала және отбасы 22-бап – Баланың отбасындағы құқықтары; 24-бап – ата-анасының ланы тәрбиелеу, күтіп-бағу және асырау жөніндегі міндеті; 25-бап – Баланың ата-анасымен бірге зута құқығы

5-тарау. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланың құқықтары; 27-бап – рғаншылық, қамқоршылық және патриот; 28-бап – Бала асырап алу; 30-бап – Баланы биілейтін, емдейтін және сол сияқты оңе де мекемелерде күтіп-бағу мен тәрбиелеу; 30-бап аланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияны жүзеге асыратын ұйымдар

6-тарау. Мүгедек баланың құқықтары 31-бап - Мүгедек баланың толымды өмірге ықтары; 32-бап – Мүгедек баланы жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік кепілдіктер; 33- – Мүгедек балаларға мемлекеттік көмек; 8-тарау. Баланың құқықтарын және зандың аланың мүдделерін қорғау.

ҚР Заңы «Неке және отбасы туралы» 2006 ж. 7-бабымен, 29-тараумен, 213 баптан тұрады.

Асы Заң Қазақстан Республикасындағы неке-отбасы қатынастарын, соңдай-ақ, оларды жүзеге асырудың кепілдіктерін белгілеп, реттейді, отбасының дамуын Қазақстан Республикасы мемлекеттік әлеуметтік саясатының басым бағыты деп анықтай отырып, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.

Білуге тиіс: 3-бабы, Отбасы, 9-тарау, Баланың құқықтары

52-бап. Баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығы

53-бап. Баланың ата-анасымен және басқа да тұлғаларымен қарым-қатынас жасау құқығы

54-бап. Баланың өз пікірін білдіру құқығы

55-бап. Баланың ат алуға, әкесінің атын және тегін алуға құқығы

56-бап. Баланың аты мен тегін өзгерту

58-бап. Баланың мүлкітік құқықтары

59-бап. Баланың қорғалу құқығы

10-тарау. Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері

11-тарау. Ата-ана құқықтарынан айыру және оларды шектеу

67-бап. Ата-ана құқықтарынан айыру

68-бап. Ата-ана құқығынан айыру тәртібі

69-бап. Ата-ана құқықтарынан айырудың салдары

70-бап. Ата-ана құқықтарын қалпына келтіру

71-бап. Ата-ана құқықтарын шектеу

74-бап. Баланың өміріне немесе оның денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда баланы айырып алу

4-бабы. Қорғаншылық және қамқоршылық

13-тарау. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау және орналастыру

100-бап. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау

101-бап. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау және есепке алу

102-бап. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру

14-тарау. Қорғаншылықты және қамқоршылықты белгілеу тәртібі

103-бап. Қорғаншылық және қамқоршылық белгіленетін адамдар

104-бап. Қорғаншылық

105-бап. Қамқоршылық

106-бап. Қорғаншы және қамқоршы органдар

107-бап. Қорғаншылықты және қамқоршылықты белгілеу

108-бап. Қорғаншылар мен қамқоршылар



Қазақстан Республикасының Ғылым және Білім министрінің
Түркістан облысы Келес ауданы
№26 «Келес» жалпы орта мектебі.

Ашық тәрбие сағат

Тақырыбы:

I желтоқсан халықаралық Спид күні

Сыныбы: 10 «А»

Сынып жетекші: Дайрабанева Г.

2020-2021 оқу жылы

Тақырып: I желтоқсан халықаралық Спид күні

Сабақтың мақсаты: Адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған қатерлі Спид дертінің алдын-алу, оның жұғу жолдарын сақтана, қорғана білу туралы түсіндіру. Оқушыларды жаман әдеттен аулақ болуға, адамгершілікке, инабаттылыққа, ел жандылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: газет, журнал деректері, пікірталас, мақал-мәтелдер, тақпақтар.

Соңғы жылдары жер шары халықтарының назары XX ғасырдың отбасы аталған Спид дертіне аууда, қазірдің өзінде ондаған мың адамдардың өмірін жойған. Енді осы ауру туралы 8 сынып оқушылар сіздерге мәлімдеп береді.

Спид вирусының қай жылы кім ашқаны туралы. Спид қоздырғышын немесе адамда иммунитет жетіспеушілікті туғызатын вирусты ВИЧ-1 1983 ж француз ғалымы, вирусолог Л.Монтень тапты. Ал 1984 ж америкалық ғалым Р.Галло вирустың барлық қасиеттерін жан-жақты тексеріп жариялады.

Спид адам ағзасына енген ол қанның лимфосит клеткаларының ішіне кіріп, клетканың

генетикалық аппаратына жабысып тез көбейе бастайды. Айрықша еске салатын жай ,осы жасырын кезең кезінде адам өзін аурумын деп есептемейді.бірақ,ол өзімен қатынастағы адамдарға жұқпалы аурудың көзі ретінде Спид – ті тарата береді.

Көрініс: «денсаулық туралы»

Би: «Қамажай» қыздар тобы

Ән: «Спорт» Орындайтын Тулеген Ғалия

Қорытынды:СПИД адамзат алдында тұрған жаңа және қиын проблема ол тек медициналық қана емес,әлеуметтік проблема.Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030»стратегиялық бағдарламасының 4 басылымында барша жастарды салауатты өмір салтына шақырды.Өз денсаулығымызды күтіп жүрейік достар!



Abstract—An experimental design was used to determine the effect of the number of stimuli on the number of responses. The number of responses was measured for a given number of stimuli. The results showed that the number of responses was proportional to the number of stimuli.

«Кни́пті жистару́н оу́птің басын/қыста́рты»

Özgeçmiş ve çalışmaları : Şirket başkanlığı.

2021-2022жжылы

№26 «Келес жалпы орта мектебінде 8 «ә» «а» сыныптар мен жүргізілген « Қазіргі жастардың өмірлік басымдықтары»

тақырыбында қайырымдылық акция өткізу.

Хаттама

Мерзімі:17.01.2022ж

Мақсаты:Біз жастардың ой пікірлерімен бөлісе отырып ,сегізінші сынып оқушылары өз ойларын ашық айтып ,мұғаліммен оқушылар арасында ынтымақты,сыйластықты,қайырымдылықты,қарым қатынасты білдіре отырып.Біздің оқушыларымыз жәрменке ұйымдастырды үйде пісіріп алып келген Ұлтық тағамдарын мектеп оушыларына арзан және қол жетімді бағада сата бастады .Сол жәрменкеде жақсы көңіл күйде оқушыларымыз және мұғалімдеріміз тағамдарды алып жатты.Жәрменкеге түскен қаржыны қайырымдылыққа жұмсаймыз деп өз ойларын ортаға тастады.

Қортынды:

Сегізінші сынып оқушыларына алғысымыз шексіз осындай жәрменкелер мектебімізде ұйымдастырылып тұрсын.

Тәлімгер:  Қ.Белқожаева.

Әлеуметтік Педагог:  Б.Умирзахова:



«Қазіргі жастардың өмірлік басымдықтаары»

Қайырымдылық акциясы!



«ТӘРТІПKE БАҒЫН ЖАСЫЦНАН...»

Тәрбие, тәлім-тәрбие – жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс.

Бесік тәрбиесі, балдырған тәрбиесі, өрен тәрбиесі, жасөспірім тәрбиесі, жастар тәрбиесі бір-бірімен жалғасып, өз ерекшеліктерімен жүзеге асырылады. Тәрбиенің мақсаты адам бойында ізгілік, инабаттылық қасиеттерін және тіршілікке қажетті дағдылар қалыптастыру болып табылады.

- Адамға ғылымнан бұрын тәрбие беру керек. Тәрбиесіз ғылым құлымдыққа апарды.
- Тәрбие - адамға сапалы өмір сүргізеді.
- Тәрбие - адамның жүріс-тұрысын, сөйлеу манері мен мәнін, ой өрісін қамтиды, адамға оң мен солды, жақсы мен жаманды танытады.
- Адам дүниеге келгеннен бастап өмір сүруге, дүние тануға құқылы. Адамның ерік-тілектері, іс-әрекеттері басқа адамның құқығын бұзбауы тиіс.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас – жауы» Әл – Фараби.

А.С.Макареньюның түсінігінде тәртіп – бұл тек қана тежелу тәртібі ғана емес, сонымен қатар ұмтылу белсенділік, жауапкершілік тәртібі.

Тәртіп туралы мәселені ерік – қайратты, ерлікті, берік мінез – құлықты тәрбиелеумен тығыз байланыста қарастырады. Тәртіп ұйымшыл ұжымда дамиды және бекиді. «Тәртіп – бұл ұжымның бет - алпеті, оның дауысы, оның адемілігі, оның қозғалғыштығы, оның мимикасы, оның сенімділігі» - деген.

Ұлт мұраттарының ұлы байлықтарының бірі – жас ұрпақ, келелі келешек десек, бұл тақырып кеше де, бүгін де күн тәртібінен түспейтін мәселе, ұлтымыздың мақтанышы батыр атамыз Бауыржан Момышұлы «Тәрбиелі – тәртіптің құлы, тәртіпті – елдің ұлы» десе, ақын Олжас Сүлейменов «Адам тағдырын тәрбие шешеді» деп жазды. Бәрі де шындық. Тәрбие кешіктірілсе кешірілмейтін, дұрыс бағыт алмаса, қалпына келмейтін нәзік те, кәделі де сауатты, игілікті де ізгілікті іс. Адам ұрпағымен ұлы, еңбегімен ерен, келешегімен кемел болса, мұның молдір бастауы, алтын тамыры – тәлім – тәрбие ісінде жатыр.

Қазақ халқы қыз деген сөздің ойын әдеміліктің, әдептіліктің, инабаттылықтың, татулықтың белгісі деп таныған. Сондай –ақ қыз баланың ұқыптылығын, шеберлігін, сүйкімділігін, білімге бейім тұратынын жоғары бағалап отырған. Қызды ар мен абыройдың, адамшылықтың биік көрінісі деп таныған.

Қазіргі кезде ата – ананың сабаққа қатысып, баласының білімін, тәртібін қадағалау жоқтың қасы. Ата - ана баласының болашағын ойламайды деуден аулақпын, бірақ сол болашақ күнделікті сабақтан басталатынын ұмытып кетеді. Тамшы су сияқты күнбе – күнгі сабақ болашақты қалайтынын, содан білім құралып, үздік куәлік, аттестат, грант, диплом деген ұғымдар ұласатынын ата – аналар естен шығарып алады. Күнделікті сабақты қадағаламайды да, әбден мектеп бітірерде қарбаласқа, уайымға салынады. Баланы мектепке даярлау ата – ананың міндеті. Қазіргі ата – ана бірінші кезекте баланың тамағы тоқ болса, киімі ешкімнен кем болмаса деп қана ойлайды. Тіпті балаларының сабақпен емес, агентпен әуре болып отырғанын елегісі келмейді. Өз баласының өздігінен өмір сүруге, өзі тауып, өзі ізденуіне мүмкіндік бермейді, баланың айтқанын орындайды. Бар малын, жиған – тергенін, несие алып болса да сол баланың жолына салады.

Керсінше, оқушылардың сабағын күнделікті қадағалайтын ата – аналардың балалары өте жақсы оқып, жыл сайын мақтау қағаз алады, грант негері атанып, оқуға түседі.

Тәрбиелік нақыл сөздер.

1. Тәрбиелі – тәртіптің құлы,
Тәртіпті – елдің ұлы.
2. Тәртіп – тән үшін,
Ынтымақ – жан үшін керек.
3. Тәртіпсіз ел – ел болмас,
Тәртіпке бағынған – құл болмас. (Бауыржап Момынұлы)
4. Жақсы тәртіп әдетке айналса – ырыс,
Жаман тәртіп әдетке айналса – қырсық. (Ғабиден Мұстафин)
5. Қыз анадан үйренбей өнеге алмас,
Ұл атадан үйренбей сапар шекпес.





1 желтоқсан «Дүние жүзілік ЖИТС – ке қарсы күрес» күні




**Медбике
Ниязбекова Алия**

Мақсаты

**ЖИТС қатерлі дерт екенін
түсіндіру**

**АҚТҚ мен ЖҚТБ -ның жұғу
жолдарын түсіндіру**







№26 «Келес» жалпы орта мектебі.

Баяндама

Тақырыбы: «АҚТҚ / ЖҚТБ

Медбике А.Ниязбекова.

